

нан іздестіріп, өзен-сулы Қабырға деген жерге елін көшіріп келіп қоныстандырады. Аз уақытта халықтың еңсесін көтеріп, малды ауылға айналады. Халықтың тұрмыс тіршілігінің жақсарғанын аңғарғандар ойдан-қырдан көшіп келе бастайды. Сөйтіп тынымсыз еңбек, ұстамдылық пен шыдамдылық өз жемісін берді. Ал, кейіпкердің ағасы ұрлықтың жетегінде, ақыр аяғында қолға түсіп мерт болады. Ағартушы өз әңгімесінде «еңбек түбі жеңбек» дегендей, қандай қиындық болса да өз адал еңбегімен үлкен жетістіктерге жетуге болатынына оқушысын сендіре білген. Көркем әңгіменің шебері Ы.Алтынсарин дидактикалық әңгімелерінде кейіпкерлерінің жан сарайын, кәсіби ойлау қабілетін ұлттық рухта сипаттайды. Шағын әңгімелер жастарды еңбексүйгіштікке, ізгілікке, тапқырлық пен әрекетшілдікке, ізденімпаздылыққа, дұрыс өмір сүре білуге тәрбиелеуге негіздейді [2,45].

Мектеп білім берудің негізгі буыны ретінде маңызды қызмет атқарады. Сондықтан да болар Ы.Алтынсарин тәрбиеші, ұстаз, мұғалімдік өнер жөніндегі айтқандарында да психологиялық түйіндер аз емес. Ол оқу тәрбие процесінде мұғалім роліне айрықша маңыз берді, мектеп ісінің сан саласындағы жетістіктерді мұғалімнің білімі мен іскерлігіне, беделі мен өз қызметін жан тәнімен сүйе білуінде деп түсінді. Ы.Алтынсарин мұғалімдердің оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруын олардың педагогикалық және оқытушылық тәсілдерді меңгеру қажеттілігін баса айтты. Ұлтының ұлы тұлғасы өзінің ұстаздық қызметіне байланысты қазақ жастарын оқытып тәрбиелеу мәселесін ең басты мәселе деп есептей отырып, адам және оны тәрбиелеу жолдары, оқыту процесінің психологиялық, педагогикалық негіздері; ұстаз мәселесі, қоғамдық психология мәселелеріне қалам тартқан. Білім беру ісінде ұстаздар қауымы бала жанын дұрыс түсіне алмай асығыс шешім қабылдап жатады. Оның салдары оқушының оқуға деген қызығушылықтың болмауына әкеп соғады. Осы орайда, ұлтының ұлы тұлғасы «Оқушылардың түсінбеушілігін оқытушылардың өз кінәсі деп білмей, оқушылардың зер салмайтандығынан деп білетін мұндай оқытушылардың қатты адасатыны айтпай-ақ түсінікті, – деп орынды айта білген. Бұдан шығатын қорытынды мұғалімнің әр кез жадында жүретін жәйт бала тәрбиесі, ұлт тәрбиесі, себебі бүгінгі мұғалім алдында отырған білімді, тәртіпті бала, елдің келер күнгі сенімі мен нұрлы болашағы. Қорыта келе, шағын мақалада Ы.Алтынсаринның психологиялық көзқарастарын толық қарастыру мүмкін емес. Жалпы, айтылған ойдың түйіні ұлы ағартушының кез-келге жанрдағы еңбектерінің астарында психологиялық ойдың бар екендігін анықтап бергендей [1,15-20б].

Ғылым үздіксіз даму үстінде. Осыған орай, XXI ғ ғалымдары үшін зерттеуге тұрарлық, қаламмен қағазға түсіретін тақырыптар жетерлік Соның бірі Ы.Алтынсаринның психологиялық көзқарастарының өзі бір төбе, ауқымды тақырып. Ол енді уақыт еншісінде. Ұрпақ жалғастығы деген осы болар сірә! Қаншама жылдар, ғасырлар тарлан тарихтың қойнауына енсе де Ыбырай Алтынсарин есімі еш ұмытылмайды. Керісінше, оның тау тұлғасы жылдар өткен сайын биіктей түседі.

Әдебиеттер тізімі

1. **Қ. Жарықбаев, С.Қалиев** «Қазақ тәлім-тәрбиесі», 1995 ж.
2. **«Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым.** Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған» / Құрастырушы: Б.Тоғысбаев, А.Сужикова / Алматы, 2009 ж.
3. **Ә. Дербісәлин** «Ыбырай Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы» / А., 1965 ж.
4. **Т. Тажимаев** «Развитие просвещения и педагогической мысли в Казахстане во второй половине XIX века», / А., 1958 ж.
5. **М.С. Орынбеков** «Ежелгі қазақтың дүниетанымы» / А., 1996 ж.

ӨОЖ 626.81

ҰЛЫТАУ АЙМАҒЫНЫҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Жангабулова З. К. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті.

Мақалада ежелгі заманның көне сырларын, табиғат тылсымын, ел тарихын ішіне бүккен шежірелі өлке Ұлытау-Жезқазған өңіріндегі жер-су атаулары, олардың қойылу себептері туралы сөз болады. Ұлытау өңірі топонимдерінің қызықты деректері әркімнің де қызығушылығын тудырады сөзсіз.

Кілт сөздер: Ұлытау, ономастика, топоним, геологиялық барлау, тарих, шежіре, ұлт тілі, тілдік бірліктер.

Күні кеше кеңестік жүйенің қыспағынан шығып, еңсесін енді-енді көтере бастаған қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілуі, Тілдер туралы Заңның қабылдануы, қазақ тілі қолданысының аясын кеңейту мақсатындағы шаралар, мемлекеттік бағдарламалар – осындай қауіптің алдын алу, сақтану, «ұлттың жанын» қорғап қалудан туындап отырған маңызды шаруалар.

Тіл мәселесіне аса ыждаһаттылықпен қарау тек мемлекет тізгінін ұстап отырғандардың міндеті десек, қателесеміз. Бұл – тұтас ұлттың, әр қазақтың қам қылар шаруасы. Жеке тұлғадан бастап, ұжымға дейінгі, отбасынан бастап Отанға деген ұғымға дейінгі аралықты тұтас қамтитын кешенді шаруа.

Шынында тіл саясаты – кешенді мәселе. Оны тек мемлекеттік тілді оқыту немесе үйрету сияқты жұмыстарды жүзеге асырумен іске асыруға болады десек, бұл да біржақты көзқарас. Тіл, ұлттық тілді насихаттау, оның қолданыс аясын кеңейту шаралары тарам – тарам жұмыстарды бір арнаға тоғыстырып, үйлесімді, жүйелі жұмыстарды жүргізе білуге тікелей байланысты. Ерекше назар аударар қарайтын мәселелердің бірі – ономастикалық кеңістікті құрайтын топтардың бір саласы деп танылатын топонимия.

Топонимиканың тарихпен байланыстылығы сөзсіз, халықтар өмір сүреді, қоныс аударады, ал олардың тау, өзен, көлдерге берген атаулары сол жерде сақталып қалады. Бұл тұрғыда топонимика тарих үшін құнды мәліметтер бере алады. Топонимикалық атаулар сол жерді мекендеген халық туралы деректерді анықтауға мүмкіндік береді.

Кез келген елдің өткені мен бүгінінің сабақтастығы оның жер-су атаулары – топонимдері арқылы көрініс табады. Қазақ елінің де жер-су атаулары халықтың сан ғасырлық тарихынан сыр шертеді. Осы себепті де және еліміздің басынан өткен «сан қилы» заманда көптеген топонимдердің өзгеріске ұшырауына, ұмыт болуына байланыста да жер-су атауларын зерттеу бүгінгі күні өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Ұлытау өңірінің территориясы Орталық Қазақстан өңірінде ең үлкен болып есептеледі. Ал, мұншама ұланғайыр территорияларда мыңдаған топонимдер орналасқан және бұл аудандар ежелден бері көшпелі тұрмыс-тіршілікке байланысты пайдаланылғандықтан, топонимикалық жүйесі өте бай және ауқымды. Ұлытау территориясында орналасқан топонимдердің жүйесін анықтау қажеттілігі осындай себептерден де туындайды.

Жер-су атаулары – тарих жазбасы. Ұлан-байтақ даланың өн бойын қоныс еткен халқымыз көшпенді тұрмыс кешті. Мал өсірді, жан бақты. Бұған жаугершілік заманның қилы кезеңдерін қоссақ, дала халқы ғасырлар бойы адам айтса нанғысыз оқиғаларды бастан кешірді. Кешіре жүріп өмірді тануға, табиғаттың тілін түсінуге, дүние сырын білуге ұмтылды. Міне, осы оқиғалардың із-түзсіз кеткен жоқ. Ол не фольклорлық шығармаларда, не тарихи шежірелерде, болмаса, жер-су атауларында жазылып қалды. Ендеше, белгілі бір өңірдің топонимдерін зерттеу арқылы да ұлтымыздың табиғатын, танымын, талғамын тануға болады.

Белгілі ғалым, даңқты тұлға Қаныш Сәтбаев Ұлытау – Жезқазған өңірінде геологиялық барлау жұмысын жүргізгенде жер қыртысының табиғатына, бұрғылау жұмыстарының қорытындыларына ғана сүйенбеген, дана ғалым зерттеу барысында жер-су атауларына да ерекше мән берген. Даңқты геологтың: «Мыңшұңқыр. Демек бұл жерде байырғы кен қазба орындары болған. Қаратас. Халық ұғымында былай деп темірді емеурін етеді. Көктас. Былай аталған жерде мыс бар деп топшылауға болады. Алтынтапқан атауы – алтынның бар екенін аңғартады. Әрине тегін емес. Жезқазған. Демек, жез өндірілген жер деген сөз. Жыланды. Түсті металл рудасы бар болу керек», деген жазулары айтқанымыздың дәлелі [1. 164].

Ғалым белгілі бір оқиғаларға, не табиғат ерекшелігіне байланысты қойылған атаулар сол жердің ерекшелігінен хабар беріп тұрғандығын, кездейсоқ қойылмағандығын ескерген. Мәселен, «Қорғасын», «Ақтас», «Жыланды», «Борсеңгір» т.б. атаулар жер жынысының құрамына қатысты қойылған атаулар екендігі байқалып тұр. Айта кету керек, Ұлытау-Жезқазған кенді аймағында осындай атаулар көп.

Ұлытау – ежелгі заманның көне сырларын, табиғат тылсымын, ел тарихын ішіне бүккен шежірелі өлке. Қыртысты тарихтың кітабы десе де болады. Осы өңірдің өн бойын қамтыған жер-су атауларын зерттеп, тану арқылы әлгі құпия шежіренің сырын ашу бүгінгі күннің міндеті екені түсінікті. Ғылыми еңбектерде айтылып жүрген мына бір пікірге тоқтала кетсек.

Атақты ғазнауилік ғалым Әбу Саид Гардизидің XI ғасырда жазған «Зайн – әл-ахбар» («Баяндау көркі») атты еңбегі – тарихи құнды дүние. Қарт Ұлытау жайлы деректің бір ұштығын осы еңбектен табамыз. Аталмыш еңбекте: «Қимақтарға шығатын жол жайлы айтсақ, әуелі Фарабтан «Жаңа қонысқа» барасың; сол жаңа қоныстан қимақ еліне қарай жүргенде, жолда өзен кездеседі, одан өткен соң алдыңнан бұйра-бұйра құм шығады; түркілер оны Уюкман деп атайды. Әрі қарай Сокук өзеніне жетесің; одан өткеннен кейін тұзды сорларды басып өтесің. Әрі қарай Кендіртағы тауы басталады. Жолаушылар өзенді жағалай өскен қалың шөп, жайқалған ну тоғайдың ішімен жүріп отырып, биік тауға, өзеннің бастауына жетеді. Осылай тар шатқалдағы жолмен тауға көтеріледі. Сол Кендіртағы тауына шығып, Асус өзеніне тіреледі» деген жолдар бар екен. Осы жолдардағы жер-су атауларын ғалымдар былайша тарқатып береді: Фараб – Отырар қаласы, Жаңа қоныс – Отырар төңірегіндегі Кедер, Уюкман – Мойынқұм құмы; Сокук – Сарысу өзені; Асус – Есіл өзені және Кендіртағы – қазіргі Ұлытау.

Ұлт ұясы Ұлытау жайлы маңызы күшті деректер өңіріне қатысты аса құнды деректерді XII ғасырда өмір сүрген арабтың белгілі географ – ғалымы, саяхатшысы Әл – Идрисидің «Нухат Әл – Муштақ фи Ихтарах әл – Афак» атты шығармасында да кездеседі.

Ұлытау өңірінің аумағы Орталық Қазақстан өңіріндегі ең үлкені болып саналады. Осыншама ұланғайыр территорияның топонимдерге бай болуы заңдылық.

Жалпы Ұлытау атауының шығуы туралы пікірлерге шолу жасасақ, қызықты деректерді кездестіруге болады. Негізінде, Ұлытау – Сарыарқаның оңтүстік-батысында орналасқан тау. Сондай-ақ, Қарағанды облысының батысында Ұлытау аталатын аудан да бар. «Көне түркі жазба ескерткіштерінде Ұлытау атауы "ұлығ", демек, үлкен, ұлы, күшті деген мағыналарды білдіреді. Бірақ бұл мағыналар "Ұлытау" атауына сәйкес келе бермейді. Себебі, көне тілдерде "ұлығ" сөзінен басқа, "ұлық" деген сөз бірде "шоқтық", кейде "ескі, тозған" дегенді білдіреді. Осындағы "ұлық" тау сөзімен тіркесіп, "Ұлық тау" болып кеткен» деген пікір бар. Осыған ұқсас пікірді қазақ зерттеуші Ә.Нұрмағанбетұлының жазбаларынан көруге болады: «Ұлытау» атауы, қазіргі түсінігіміздегідей, «биік, үлкен тау» дегенді білдірмейді. Оның ертедегі тұлғасы «ұлық тау», немесе «ала тау», қалпында тіркесіп, тұңғыш мағынасы «шоқтық тау», «аласа тау» сияқты ұғымға мегзеген. Уақыт өте «ұлық тау», немесе «ала тау», дыбыстық өзгерістерге душар болуы нәтижесінде қазіргі кездегі «Ұлытау» атауы пайда болған» [2.64].

Ұлы Дала – адамзат баласы жаралғаннан бері қилы-қилы замандардың, әлемдік тарихтың діңгегіне айналған небір айтулы оқиғалардың тұнба көзі болған кең байтақ кеңістік. Ұлытау – сол кеңістіктің кіндігі. «Ұлытау» атауының мән-мағынасы мен топонимін түсіндіруге арналған төмендегі екі болжам ерекше назар аударуға тұрарлық.

Орыс зерттеушілері парсы және орыс жазба деректерінің негізінде «Ұрықтағ, Ұлықтағ» және «Ұлытау таулары» түркі-моңғол географиялық топонимінің аудармасының нұсқалары ретінде «Рулық тау» («ұрық» – моңғолдар мен түріктер де – «ұрпақ, туыс, ру, тайпа», «тағ» – тау) және Жошы ұрпақтары үшін ерекше қастерлі Ұлытау, Алтын Орда хандарының жазғы жайлауы; Ұрықтағ, Ұлықтағ таулары – Тоқтамыс иеліктерінің оңтүстік-шығысындағы ең шеткі нүкте, естелік белгі Ұлытауға көрінер тұстағы шоқының төбесіне орнатылған деп пайым ұсынған.

Тарихшы – шежіреші Әбілғазының өзінің «Түрік шежіресі» атты еңбегінде: «Қазіргі Ұлытау мен Кішітау дегендерді ол кезде Ертағы және Кертағы деп атайтын» деген пікірлері бізді тарих қойнауына тарта түседі [3.203]. Айтайын дегеніміз, тіл мәселесі сөз болған жерде өңір тарихы сырт қалмауы қажет. Ал, өңір тарихының жазбасы – жер-су атаулары. Жоғарыда айтқан Кеңдіртағы, Ертағы, Ұлытау атауларының арасын жалғап жатқан үлкен тарих бар. Өлгі атаулар – соның тілдік таңбасы. Егер ежелгі Ұлытау төңірегін мекендеген тайпаларды жалпы атаумен гуздар деп атаса, онда Кеңгір атауындағы -гір, -гуз сөздерінің арасында байланыс жатқан жоқ па деген сауалдың да басы көрініп тұр.

Жалпы, осы Кеңгір атауына байланысты тағы бір пікір профессор А.С.Аманжоловтың «Түркі филологиясы және жазу тарихы» атты еңбегінде де айтылады. Ғалым Кеңгерес атауының Күлтегін ескерткішінің 39-жолында қашалған сөйлемде кездесетіндігін айта келіп: «Кеңгерес сөзінің тегіне үңіліп көрсек: Кеңгір (Кеңер, Кеңір) – түбірі Кеңгер де, -ес – өлі жұрнақ. Кеңгерес атауы – Сарысу мен Кеңгір алқабының бір кездегі аты, ол Сыр мен Шу бойына жалғасады. Бұл атау VIII ғасырда Сырмен жанасып жатқан Қазіргі Орталық Қазақстанның дархан даласы – Сарыарқаны меңзейді. Түптеп келгенде Кеңгір өзенінің атауы көне түркі тілінен алынғандығы анық», – дей келе, кеңір сөзіне талдау жасайды. Қырғыз тілінде кеңір (кеңири, кеңри) – «кең, мол, жалпақ» сөзін білдіретіндігін, осыған байланысты қырғыздарда «кеңирсиген Кең Талас» деген тіркестің бар екендігін, сондай-ақ, ұйғыр тілінде кәңру (кәңрі) – «көп, мол», кәңручилик – «кеңдік, кең байтақ» мағынасын беретіндігін айта келіп, тіліміздегі Кеңгір – өзенінің атауын да осы кеңдікпен байланыстырады [3.86].

Жалпы осы аймақта қолданылатын топонимикалық атауларды зерттеп, таныту – бүгін жүзеге асырылуы тиіс тіл саясатының бөлінбес бір бөлшегі. Айтпағымыз түсінікті болуы үшін жер-су атауларының тарих таңбасы екенін танытатын бір мысал келтіре кетейік.

Егінді селосының шығысында, орталықтан 36 шақырымдай жерде биіктігі 6 – 7 метр болатын шошақ бейіт Дің (дың) үлгісінде салынған. Осы бейітке қатысты ел аузында айтылып жүрген аңыз бар. Қазақ – қалмақ соғысы кезінде қазақтар жаудың жерді білмейтіндіктерін пайдаланып, қаша ұрыс салады. Екі жағы өзен-сай болып келетін оңтайлы жерге апарып қалмақтарды қырып тастап отырған. Бір жолы қалмақ мыңбасысының қызы батырларша киініп, қазақтармен ұрысқа шығады. Қазақ батырларының біразын жер құштырған ол өзі де мерт болады. Өлген соң ғана қыз екенін біліп, екі жақ ұрысты тоқтатып, арулап жерлеп, басына белгі тұрғызыпты. Оны жұрт «Діңнің моласы» атап кетіпті. Осы атауда кешегі күннің тарихы бар ма? Бар. Ал, бойына сыр жасырған осындай атаулар қаншама?!

Қорыта келгенде, атаулар – тіл элементтері. Тілді үйренуші адамдардың сөйлей білуі қажет деген талап – маңызды істің бір жағы. Ал, тіл арқылы ұлт тарихын түгендеуге қатысы бар деректерді игеру керек деген міндет – әлгі үлкен шаруаның тағы бір жағы. Демек, жер-су атауларына маңыз бере қарау керектігі осы тұста байқалады. Осы бағытта атқарылуы тиіс көп жұмыс бар.

Елбасымыз Ұлытау жеріне келіп, Әулиебұлақ басында берген сұхбатында Ұлытаудың ұлт тарихында алар орнын ерекшелеп айтқаны белгілі. Демек, бұл өңірдің тарихын індетте зерттеу міндеті тұр. Ал, тарихтың біраз деректері жер-су атауларында жатыр. Ендеше, Ұлытау өңіріндегі топонимдерді зерттеудің кешенді бағдарламасы жасалып, ғылыми орта күшін осы жұмысқа жұмылдыру тұрғаны түсінікті. Бұл – тарих пәнінің ғана емес, тіл саясатының бөлінбес бір бөлшегі.

Әдебиеттер тізімі

1. **Әлжанов Т.М., Сәтбаева М.К.** Қаныш Сәтбаев қазақ елінің тұлғасы. – Алматы: Ғылым ғылыми баспа орталығы., – 2002. –164 бет.
2. **Нұрмағанбетұлы Ә.** Жер-судың аты – тарихтың хаты: ересек балаларға арналған танымдық кітап: – Алматы: Балауса, 1994. – 64 б.
3. **Әбілғазы «Түрік шежіресі».** Алматы: «Ана тілі», 1992. – 203 бет.
4. **Аманжолов А.С.** «Түрік филологиясы және жазу тарихы». Алматы: «Санат», 1996. – 86 бет.

УДК 711.7

ВКЛАД ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА В НРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ

Жанбурбаева Ж. Б. – педагог иностранного языка ОШ «Средняя школа №23 им. М. Козыбаева акимата города Костанай.

Мукенова А. Д. – педагог иностранного языка ОШ «Средняя школа №23 им. М. Козыбаева акимата города Костанай.

В статье рассматривается вклад Ыбырая Алтынсарина в просвещение и воспитание молодежи. Авторы отмечают актуальность мыслей Ы. Алтынсарина для молодого поколения, указывает, что своим творчеством он старался воспитывать в молодёжи чувство мужественно переносить несчастья и трудности, не поддаваться искушениям, сочетать, оптимизм и глубоко-мыслие.

Ключевые слова: нравственное воспитание, гуманизм, актуальность мыслей.

Идеи просвещения в XVIII веке особенно актуальны в духовной сфере во многих странах мира. Просветители, отстаивая свободу народа и человека, все перспективы поручили на мирные преобразования. Они полагали, что социальное неравенство произошло от невежества, неразумности людей. В связи с этим своей главной целью просветители объявили просвещение народа. Ведь они, по их мнению, по нелепости своей принимали действующие порядки. [1, с. 1]

На сегодняшний день духовно-нравственные ценности, моральные императивы начинают ощутимо торжествовать над насущными потребностями, становятся руководством для правительств и государств. И в данном контексте развития мирового пространства актуальным является творчество Ыбырая Алтынсарина – одного из величайших гуманистов прошлого столетия, наставника молодёжи. Для его творчества характерно глубокое уважение к человеческому достоинству. При помощи поэтического слова Ыбырай воздействовал на умы и чувства людей:

«Если ты увидишь лес и степь вдали,
Если ты дороги разглядишь в пыли,
Запомни, здесь Республика, край родной,
Запомни этот край и твой, и мой...» [2, с.3].

Ыбырай Алтынсарин – педагог-новатор, выдающийся просветитель, прозаик и поэт, общественный деятель, учёный-этнограф, создатель казахского алфавита на основе русской графики, один из основоположников казахской письменной литературы и литературного языка. Большинство произведений Алтынсарина посвящены молодёжи казахского народа. Он внес свою лепту в развитие казахской педагогики, ценными являются его вклад в нравственном воспитании молодого поколения. Ыбырай старался воспитывать в молодёжи чувство мужественно переносить трудности и несчастья, не поддаваться искушениям, сочетать глубокомыслие, бодрость и оптимизм:

«Живущие всюду народы
для радости сотворены,
Всех ласково греет солнце,
всем светят лучи луны.
Особо рождённых не было
и нет на этой земле.

Мы друг перед другом с детства
Во всём быть должны равны!» [3, с. 1].

Несмотря на разное положение в обществе, Ыбырай Алтынсарин обозначает, что люди от природы равны. Мечтой просветителя было дать образование каждому, видеть вокруг грамотную, образованную молодёжь. Педагогическая этика Алтынсарина – это этика народа, например, как устное этническое творчество, отражающее жизнь и быт, несчастье и блаженство, патриотизм, обыкновения и обычаи народа, – значительный ключ его этических мнений, изложенных в облике наставлений и ре-